

Ш.Ш. Карбаева^{1*} , Н.А. Райымбекова¹ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: karbaevash@mail.ru

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Алматы қаласының жалпы өнімінің өсуі Қазақстан аймақтары арасындағы ең үздік көрсеткіштердің бірі. Қаланың сапалы және тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы қала экономикасын әртараптандыру мен инвестицияларды белсенді тартумен тығыз байланысты.

Алматы қаласы еліміздің экономикалық орталығы және Қазақстан мен бүкіл Орталық Азияның дамуында маңызды орын алатын қарқынды дамып келе жатқан қала ретінде әлем елдеріне танылуда. Алматы өзінің географиялық тиімді орналасу жағдайымен, маңызы бар көлік-логистикалық орталық ретінде Шығыс пен Батысты байланыстыруымен, дамыған экономикасымен іскерлік және мәдени қарым-қатынас жасауда, сондай-ақ инновацияларды өндіріс пен қоғам өміріне ендіруімен ерекшеленеді.

Ұсынылып отырған мақалада осындай әлеуеті бар Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын жалпы білім беретін мектептерде тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқыту ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Ол үшін алдымен типтік білім беру бағдарламаларына талдау жасалып, қаланың демографиялық жағдайы, экономикалық әлеуеті, қызмет көрсету саласының дамуы, көлік инфрақұрылымы мен урбандалу үдерістері географиялық білім беру мазмұны тұрғысынан талданды.

Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан географиясын оқытудың Типтік оқу бағдарламасында «Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы» бөлімі қарастырылады. Онда білім алушылардың Қазақстан аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуеті, халықтың орналасу ерекшеліктері, шаруашылықтың аумақтық ұйымдастырылуы және әлеуметтік көрсеткіштері қарастырылып, оқу мақсаттары аймақтардың даму факторларын анықтауды, мамандану салаларын статистикалық және картографиялық материалдар негізінде салыстырмалы талдау жүргізуді, сондай-ақ аймақтық дамудың өзекті мәселелері мен перспективаларын айқындауды көздейді.

Мақалада осы оқу мақсаттарға жетуді жүзеге асырудың әдістемесі жүйелі түрде сипатталады. Әдістеме өзара байланысқан оқытудың белсенді әдістері арқылы сипатталады. Бұл білім алушылардың білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін нығайтуға, проблемаларды шешу және шешім қабылдау құзыреттіліктерін дамытуға, географиялық деректермен жұмыс істеу, картографиялық және статистикалық ақпаратты талдауда цифрлық құралдарды тиімді пайдалану дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: әлеуметтік-экономикалық даму, Алматы қаласының әлеуеті, жалпы білім беретін мектеп, Қазақстан географиясы, оқытудың белсенді әдістері, цифрлық құралдар.

Карбаева Ш.Ш.^{1*} , Райымбекова Н.А.¹ 

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

*e-mail: karbaevash@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОМУ РАЗВИТИЮ ГОРОДА АЛМАТЫ

Аннотация

Рост валового внутреннего продукта Алматы является одним из лучших показателей среди регионов Казахстана. Качественное и устойчивое социально-экономическое развитие города тесно связано с диверсификацией городской экономики и активным привлечением инвестиций.

Алматы признан во всем мире экономическим центром нашей страны и быстро развивающимся городом, играющим важную роль в развитии Казахстана и всей Центральной Азии. Алматы отличается выгодным географическим положением, являясь важным транспортно-логистическим центром, соединяющим Восток и Запад, развитой экономикой, деловыми и культурными связями, а также внедрением инноваций в производство и общественную жизнь.

В представленной статье всесторонне рассматриваются особенности преподавания социально-экономического развития Алматы, города с таким потенциалом, посредством эффективных методов и подходов в общеобразовательных школах. Для этого, прежде всего, был проведен анализ типичных образовательных программ, а также проанализированы демографическая ситуация города, экономический потенциал, развитие сектора услуг, транспортная инфраструктура и процессы урбанизации с точки зрения содержания географического образования.

В стандартную учебную программу по географии Казахстана для средних школ включен раздел «Социально-экономическое развитие регионов». Он знакомит учащихся с природно-ресурсным потенциалом регионов Казахстана, характеристиками населения, территориальной организацией экономики и социальными показателями, а также включает в себя цели обучения: выявление факторов развития регионов, проведение сравнительного анализа специализированных областей на основе статистических и картографических материалов, а также определение актуальных проблем и перспектив регионального развития.

В статье представлена методология достижения этих учебных целей. Описано систематически. Методология взаимосвязана. Характеризуется применением методов активного обучения. Это позволяет студентам укрепить свои навыки применения знаний в реальных жизненных ситуациях, развить компетенции в решении проблем и принятии решений, а также улучшить навыки работы с географическими данными и эффективного использования цифровых инструментов для анализа картографической и статистической информации.

Ключевые слова: социально-экономическое развитие, потенциал города Алматы, общеобразовательная школа, география Казахстана, активные методы обучения, цифровые инструменты.

Sh.Karbaeva^{1*} , N.Raiymbekova¹ 

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: karbaevash@mail.ru

FEATURES OF TEACHING THE SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE CITY OF ALMATY

Abstract

Almaty's gross domestic product growth is one of the best indicators among Kazakhstan's regions. The city's high-quality and sustainable socioeconomic development is closely linked to the diversification of the city's economy and the active attraction of investment.

Almaty is recognized worldwide as the economic center of our country and a rapidly developing city, playing a vital role in the development of Kazakhstan and all of Central Asia. Almaty boasts a favorable geographical location, serving as a key transportation and logistics hub connecting East and West. It boasts a developed economy, business and cultural ties, and a strong focus on innovation in manufacturing and public life.

This article comprehensively examines the specifics of teaching the socioeconomic development of Almaty, a city with such potential, through effective methods and approaches in comprehensive schools. To this end, we first analyzed typical educational programs and also examined the city's demographic situation, economic potential, service sector development, transportation infrastructure, and urbanization processes from the perspective of geography education.

The standard geography curriculum in Kazakhstan for secondary schools includes a section on "Socioeconomic Development of Regions." It introduces students to the natural resource potential of Kazakhstan's regions, population characteristics, the territorial organization of the economy, and social indicators. It also includes learning objectives: identifying factors in regional development, conducting a comparative analysis of specialized areas based on statistical and cartographic data, and identifying current issues and prospects for regional development.

The article presents a methodology for achieving these educational goals. Described systematically. The methodology is interconnected. Characterized by the use of active learning methods, this program allows students to strengthen their skills in applying knowledge to real-life situations, develop problem-solving and decision-making competencies, and improve their skills in working with geographic data and effectively using digital tools to analyze cartographic and statistical information.

Keywords: Socioeconomic development, Almaty's potential, comprehensive schools, Kazakhstan's geography, active learning methods, digital tools.

Кіріспе. Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары қаланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, инвестициялық тартымдылығын күшейтуге және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағдарлау болып табылады. Ол экономиканы әртараптандырумен, көлік және инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртумен, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етумен, адами капиталды дамытумен және әлеуметтік орта мен экономиканы цифрландырумен сипатталады.

Әлемдік тәжірибе бойынша зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасау барысында, олар қалалардың дамуын: тұрақты қалалар, ақылды қалалар (smart city), қалалық жоспарлау, бәсекеге қабілетті қалалар, қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы сияқты бірнеше бағытқа бөліп қарастыратыны анықталды.

Соның ішінде Тұрақты қалалар (sustainable cities) тұжырымдамасына тоқталатын болсақ, оның қалыптасуы мен дамуына урбанистика, экология, экономика және әлеуметтік ғылымдар салаларындағы еңбектер әсер етті. Мәселен, Э.Глейзер: «білім мен идеялардың алмасуын

жеделдетіп, еңбек өнімділігін арттыруға және инновациялық үдерістердің дамуына мүмкіндік беруде қалалар «адамзаттың ең ұлы өнертабысы» болып табылады» деген пікір айтады [1]. Қалалардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуде қалалардың ішкі кеңістіктік құрылымын, экономикалық байланыстарын және агломерациялық әсерлерін ескере отырып, экономика мен географияның өзара байланысын сипаттаудың маңызы зор [2]. Сонымен қатар қалалардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысынан зерттеуші ресейлік және қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыты урбанизация үдерістерін, қалалардың бәсекеге қабілеттілігін, өмір сүру сапасын, қалалық инфрақұрылымды және тұрақты даму көрсеткіштерін бағалауға арналған. Мәселен, қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы аумақтық теңсіздікке, халықтың шоғырлануы мен ірі қалалардың экономикалық өсудегі рөліне байланысты. Сондай-ақ ғалым адами капиталдың сапасы, еңбек нарығы, тиімді қалалық басқару тұрақты қалалық дамуға үлкен әсер ететіндігін негіздейді [3]. Аймақтардың экономикасы алдымен адам әлеуеті ресурстарына қолайлы жағдай кешенін құратын экономикалық қызметтің орталығы ретінде аумақты жайластыру және инфрақұрылымды дамыту әдістеріне сүйенеді [4].

Қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеудегі қазақстандық ғалымдардың еңбектері қала дамуының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ еліміздің ірі қалаларын дамытудағы қауіптер мен мүмкіндіктерді айқындауға, Алматы қаласының тұрақты экономикалық дамуына қалалық кеңістіктің сапасы, тұрғындарға қолайлы ортаның қалыптасуы және урбанизацияны тиімді басқаруға бағытталған, ал қызмет көрсету саласын жетілдіру, жергілікті ресурстарды тиімді пайдалану және экономиканы әртараптандыру шағын қалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді [5, 6, 7].

«Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары» атты стратегиялық құжатта әлемдік тәжірибелерге және қазақстандық зерттеулерге сүйене отырып, қаланы әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамытудың негізгі мақсат-міндеттері сипатталған. Алматы қаласын дамытудың мақсаттары жайлы қалалық орта құру (тұрғын үй, әлеуметтік, инженерлік, көлік, цифрлық, коммерциялық және рекреациялық инфрақұрылым); орнықты экономикалық өсім (экономиканың сапалы дамуы үшін қала жоғары технологиялық және «таза» өндірістерді, креативті индустрияларды дамыту арқылы неғұрлым қолайлы бизнес-орта құру және еңбек өнімділігінің артуына қол жеткізу) қала экономикасын әртараптандыру, инвестициялар тарту және тауарлар мен қызметтер экспортының өсуі халық табысыны және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды көздейді; басқарылатын урбандалу (көші-қон, транзиттік жолаушылар және жүк ағындары және т.б. орталығы болу); әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық (өмір сүру мен денсаулық, оқу мен жұмыс, адами капиталды дамыту және демалыс үшін барынша оңтайлы жағдай жасау); жасыл Алматы (саябақ кеңістіктерінің қолжетімділігі, саябақтар мен скверлерді абаттандыру); «Смарт сити» қағидаттары мен стандарттарын енгізу (қалалық инфрақұрылым мен қалалық сервистерді цифрландыру); қауіпсіз қала (көшелерін толық жарықтандыру, бейнебақылау, табиғи және антропогендік қауіп-қатерлерді алдын ала хабарлау). Бұл Алматыны бәсекеге қабілетті, экономикасы мен халықтың өмір сүру сапасы жоғары жайлы және қауіпсіз қалаға айналдыруды көздейді [8].

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде, ең алдымен, экономикалық ғаламданумен сипатталатын қоғамның даму ерекшеліктеріне, технологиялардың, ең алдымен ақпараттық-коммуникативтік дамудың жоғары қарқынына, білімнің қоғам мен экономиканың барлық салаларына енуіне байланысты терең өзгерістер орын алуда. Білім беру жүйесіндегі бұл өзгерістер алдымен, заманауи білім берудің ғаламдық тенденцияларымен тікелей байланысты. Ол алдымен адамды әлеуметтік құндылық ретінде қараумен байланысты, одан кейінгі білім берудің кіріктірілуі, яғни білім жүйесіндегі құрылымдық өзгерістер, Болон процесі, мемлекеттік-қоғамдық басқару, ақпараттандыру, білімді ғылымиландыру, технологиялық сауаттылық, өмір бойы оқу, т.б. сипатталады.

Қазіргі қоғамдағы өзгерістерді қарастыра отырып, зерттеуші ғалымдардың көпшілігі оны постиндустриалды қоғам ретінде сипаттайды және «өмір бойы оқыту стратегиясын жүзеге асыратын білімге негізделген қоғам, ақпараттық қоғам және білім беру қоғамы ретінде» анықтап беріп отыр. Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде білім берудің бәсекеге қабілеттілігі мен базалық құзыреттілігін арттыру үшін халықты формальды, бейресми және ақпараттық оқытумен қамтуды қамтамасыз ететін өмір бойы үздіксіз оқыту жүйесін негіздеу үшін ресми, бейресми және ақпараттық білім беру жүйесінде оқыту нәтижелерін толық есепке алуға мүмкіндік беретін алгоритм ұсынылады [9].

Зерттеудің негізгі бағыты экономикалық ғаламданумен сипатталатын Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын жалпы білім беретін мектептерде тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқыту болып табылады. Осыған орай, Қазақстан географиясын оқытудың Типтік оқу бағдарламасындағы «Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы» бөліміне талдау жасалып, бағдарлама мазмұнына қалалардың дамуын сипаттайтын тұрақты қалалар, ақылды қалалар (smart city), қалалық жоспарлау, бәсекеге қабілетті қалалар, қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы сияқты оқу материалдарын енгізу және оны оқытудың әдістемесі ұсынылып отыр.

Қазақстан географиясын оқытудың әдіснамалық тәсілдері – географиялық білім берудің теориялық негіздерін, оқу үдерісінде қолданылатын әдістер мен құралдарды, оқу іс-әрекеті тәсілдерін айқындайды.

Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын оқытудың әдіснамалық тәсілдеріне тоқталмас бұрын, алдымен, географияны заманауи оқытудың бес негізгі әдіснамалық тәсілге негізделген моделі анықталды (1-кесте).

Кесте 1 – Географияны заманауи оқыту моделі [10]

Әдіснамалық тәсілдер	Сипаты	Оқу үдерісінде қолдану, мысал
Жүйелік тәсіл	Бұл әдіснамалық ұстаным – географиялық нысандар мен құбылыстар өзара байланысты және өзара тәуелді элементтерден тұратын тұтас жүйе ретінде қарастыруға негізделген.	Оқытуда қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуын кешенді түсінуге мүмкіндік беретін жүйелік-құрылымдық тәсіл, картографиялық әдіс, модельдеу және диаграммалық талдау кеңінен қолданылады. Мысалы: Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы халық, өнеркәсіп, көлік, қызмет көрсету саласы, экологиялық жағдайлары және олардың өзара байланысын анықтау.
Оқу іс-әрекеті тәсілі	Білім алушылардың бақылау, салыстыру, талдау, жобалау, зерттеу іс-әрекеттері	Құзыреттілікке бағытталған білім берудің маңызды әдіснамалық негіздерін жүзеге асыру (білімді зерттеу, талдау және практикалық оқу іс-әрекеті арқылы меңгеру). Мысалы: «Алматы қаласының тұрақты дамуы» жобасы.
Құзыреттілік тәсіл	Алған білімді өмірлік жағдаяттарда қолдануға бағытталған әдіснамалық тәсіл	Оқу үдерісін шынайы өмірлік жағдаяттармен байланыстыра отырып түсіндіру. Мысалы: Алматы қаласының халық санының динамикасын талдау.
Ақпараттық-коммуникативтік оқыту тәсілдері	Білім беруді ақпараттық технологиялармен	Оқу үдерісінде цифрлық құралдар мен платформаларды қолдану. Мысалы: интерактивті карталар мен

	тығыз байланыста оқыту	геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) – қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуын нақты көрсетуге болады (Google Earth, ArcGIS, QGIS).
Тұлғаға-бағдарланған тәсіл	Географиялық білім беруді тұлғаға бағыттап оқыту	Оқу үдерісінде білім алушының қызығушылығын, қабілетін, тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмалар беру.

Ескерту: авторлық құрастыру

Кестеде келтірілген оқытудың әдіснамалық тәсілдері Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын оқытудың әдістемелік тәсілдерін сипаттауға негіз болады.

Материалдар мен әдістер. Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары мәселелері бойынша ғалымдардың еңбектері (отандық: Д.Қаңғалақова, З.Т.Сатпаева, Н.К. Нурланова, Ф.Алжанова, Д.Т. Алиасқаров, К.Д. Каймулдинова, Ш.Ұ.Лайсханов, Н.Е. Усенов, Н.О. Салимжанов, ресейлік: Н.В. Зубаревич, О.С. Пчелинцев және шетелдік: Edward Glaeser, Daniel A. Griffith және т.б.); қаланы дамытуға қатысты стратегиялық құжаттар («Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары»); «География» оқу пәні бойынша жалпы білім беретін мектептерге арналған Типтік оқу бағдарламасы талданды.

Қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының теориялық негіздері урбанизация, өсу полюстері, агломерациялық даму теорияларына, Тұрақты даму және Ақылды қала (Smart City) тұжырымдарына, географиялық білім берудің өлкетану және Тұрақты даму үшін білім беру (Education for Sustainable Development) қағидаттарына сүйенеді. Сонымен қатар оқыту әдістемесі білім берудің аймақтық, жүйелік, кешенді және белсенді оқыту тәсілдеріне, негізделген.

Зерттеудің әдістері теориялық талдаудан, тарихи, статистикалық модельдеу және жүйелі әдістер мен бақылау және сауалнама әдістерінен тұрады. Бұл жаратылыстану пәндерін және тілді кіріктіре оқыту үдерісін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Географиялық білім беру білім алушылардың қалалардың сапалы және тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы біртұтас түсініктерін қалыптастыра отырып, демографиялық, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үдерістерді кешенді қарастыруға мүмкіндік береді. білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын және азаматтық жауапкершілігін дамытуға ықпал етеді.

Қазақстан географиясын оқытудың әдістемелік тәсілдерінде білім сапасының маңыздылығы – бұл білім беру жүйесінің басты талаптарының бірі. «Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы» бөлімінде қарастырылатын Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын тиімді әрі сапалы оқыту тек ақпарат берумен шектелмей, білім алушының ойлау, талдау, қолдану қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ қалалардың тұрақты дамуындағы нақты проблемаларды түсінуіне және шешуге қатысуына бағытталуы керек.


«Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы» бөліміндегі, соның ішінде қалалардың дамуына қатысты берілген оқу материалдарының теориялық мазмұны, оқу үдерісінде қолданылатын әдістер мен құралдар айқындалды. Ол үшін алдымен оқытушылар үшін сауалнама сұрақтары белгіленді. Бұл сауалнама сұрақтары Лайкерт шкаласы бойынша бағаланып [11], нәтижелері есептелді (2-кесте).

Кесте 2 - Сауалнама сұрақтары
(әр сұрақ жауап берушінің келісу деңгейін бағалайтындай етіп құрастырылды)

Сауалнама сұрақтары	Мүлдем келіспеймін	Келіспеймін	Бейтарап/ жауап беру қиын	Келісемін	Толықтай келісемін	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
«География» оқу пәні бойынша Типтік оқу бағдарламасында қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелері жеткілікті деңгейде қамтылған.	3	12				1.80
Қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы тақырыбын оқытуда нақты экономикалық көрсеткіштер мен статистика қолдану білім алушылардың түсіну деңгейін арттырады.				4	11	5.00
Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуын нақты көрсетуде интерактивті карталар мен геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) – Google Earth, ArcGIS, QGIS сияқты заманауи цифрлық құралдар тиімді қолданылады.	2	13				1.87
Қалалардың дамуын сипаттайтын тұрақты қалалар, ақылды қалалар (Smart city), қалалық жоспарлау, бәсекеге қабілетті қалалар, қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы сабақтарында жеткілікті деңгейде талқыланады.	1	10		3	1	2.50
Әлемдік тәжірибе бойынша қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы ашық көрсетіледі.	2	9	1	3		2.21
Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі		2		8	5	4.07

орта мерзімді перспективалары сабақта талданып оқытылады.						
Алматы қаласын дамыту мәселелеріне қатысты зерттеу жобалары немесе практикалық тапсырмалар жиі ұсынылады.	2	4	1	5	3	3.20
Алматы қаласының дамуын шынайы өмірлік жағдаяттармен байланыстыра оқыту		2	3	8	2	3.67
Мұғалімдер Алматы қаласының дамуына қатысты жаңартылған деректер мен статистиканы тұрақты түрде пайдаланып отырады.	2		3	5	5	3.73
Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық даму үрдістерін оқыту білім алушыларда ұлттық экономиканың құрылымы туралы саналы көзқарас қалыптастырады.				10	5	4.33

Жалпы орташа балл: 2,94. Бағалау (Лайкерт шкаласы бойынша орташа деңгейде)



Сурет 1. Сауалнама нәтижелері (Лайкерт шкаласы бойынша)

Оқытушылар арасында жүргізілген сауалнамаларға талдау жасаудың нәтижесінде Қазақстан географиясы оқу курсы бойынша «Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы» бөлімін тиімді оқыту үшін оқу материалдары мазмұнына өзгерістер енгізу қажеттігін, сонымен қатар мұғалімдердің бұл бағытта жұмыс жүргізуге қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік әдебиеттердің (әдістемелік оқу құралдары, нұсқаулар, көрнекі құралдар және т.б.) жетіспеушілігін атап өтті.

Талқылаулар. «География» оқу пәні бойынша жалпы білім беретін мектептерге арналған үлгілік оқу бағдарламасында берілген Қазақстан географиясының тақырыптары мен оқу мақсаттарын талдау барысында елді мекендердің жіктелуі, проблемалары және урбандалу үдерісі мен оған баға беру мәселелері қарастырылатыны анықталды [12]. Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жазылған 9 сыныпқа арналған оқулықтарда жалпы «қала» ұғымына сипаттама беріліп, маңыздылығы бойынша қалалардың жіктелуі сипатталған [13, 14].

Біздің зерттеуімізге сәйкес жоғарыда шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерінде келтірілген қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы урбанизация, өсу полюстері, агломерациялық даму, Тұрақты даму және Ақылды қалаға (Smart City) қатысты оқу материалдарын үлгілік оқу бағдарламалары мен оқулық мазмұнына енгізу білім алушылардың замануи қалалардың дамуы туралы білімдерін тереңдетеді. Ұсынылып отырған оқу материалдарын оқыту әдістемесінің ерекшелігі білім берудің аймақтық, жүйелік, кешенді және белсенді оқыту тәсілдеріне, негізделген.

Географияны заманауи оқыту моделі бойынша берілген әдіснамалық тәсілдерге сәйкес іріктеліп алынған Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы білім мазмұны білім алушылардың даярлық деңгейін арттырады, алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алуын қамтамасыз етеді.

Ұсынылған модель Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын оқытудың ерекшеліктеріне сәйкес келесідей әдіс-тәсілдерді кешенді қолдануды қамтамасыз етеді [15, 16, 17].

1. Кейс-стади (Case study) әдісінде нақты өмірлік жағдайлар немесе проблемалық жағдайлар талданады. Мақсаты Алматы қаласының нақты өндірістік немесе экологиялық жағдайларын зерттеу арқылы білім алушылардың проблеманы шешу, талдау жасау және шешім қабылдау қабілетін дамыту.

2. Дебат (пікірталас) әдісінде екі немесе одан да көп топтың белгілі бір тақырып төңірегінде қарама-қарсы көзқарас білдіруі. Мысалы: «Экономика мен географияның өзара байланысы» тақырыбында пікірталас білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау, дәлел келтіру, өз пікірін қорғау қабілетін дамытады.

3. Жоба (Project-based learning) әдісін семинар сабағында қолдану барысында білім алушылар белгілі бір тақырыпқа байланысты зерттеу жүргізіп, нақты өнім немесе жоба әзірлейді. Бұл әдісті, мысалы, «Алматы қаласының тұрақты дамуы» тақырыбында қолдану олардың ұжымдық жұмыс, зерттеу, жоспарлау, презентация жасау дағдыларын қалыптастырады.

4. Интерактивті ролдік ойындар арқылы білім алушылар әртүрлі рөлдерді (мемлекеттік қызметкер, фермер, инвестор) ойнап, жағдайға байланысты шешім қабылдайды. Интерактивті ойындар білім алушылардың практикалық шешім қабылдау дағдысын дамытады. Интерактивті ойындар әдісін қолдану, мысалы, «Қаланы жоспарлаушылар» симуляциялық ойыны.

5. SWOT талдау әдісінде білім алушылар талдау жасау арқылы объектінің күшті, әлсіз жақтарын, мүмкіндіктерін және қауіптерін анықтайды. Сол арқылы олардың аналитикалық ойлау және шешім қабылдау қабілеті дамиды. SWOT талдау әдісін Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын бағалауда қолданған дұрыс.

Жоғарыда келтірілген жаңа әдіс-тәсілдерді оқу үдерісінде қолдану сабақтың тиімділігін арттырады, білім алушылардың қызығушылығын оятады, пәнге деген белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, нақты өмірлік жағдайларды түсінуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қоғамның экономикалық өсуі мен халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуде қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы маңызды рөл атқарады. Қалалардың дамуын жүйелік және кешенді тәсілдер арқылы зерттеу нәтижесінде қаланың күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе екендігі анықталып, ондағы демографиялық, өндірістік, инфрақұрылымдық, экологиялық және басқарушылық компоненттердің өзара байланысы қаланың дамуына үлкен әсер ететіндігі анықталды.

Зерттеу нәтижесінде заманауи қалалардың дамуы тұрақты даму қағидаттарына сәйкес сипатталады, ол урбанизацияның күшеюімен, агломерациялық үдерістердің кеңеюімен, инновациялар мен цифрлық технологиялардың енгізілуімен байланысты. Қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалау және басқару көрсеткіштері (халықтың өмір сүру сапасы, жұмыспен қамтылу деңгейі, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігі, экологиялық жағдай тиімділігі) ерекше мәнге ие.

Қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Зерттеу барысында Лайкерт шкаласын қолдану Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы оқу материалдарының бағдарлама мазмұнында берілуі тұрақты қалаларды дамыту мәселелеріне қатысты оқытушылардың көзқарастарын бағалауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс оқыту әдістемесінің тиімділігін анықтауға және эксперименттік жұмыстың нәтижелерін сандық тұрғыдан негіздеуге жағдай жасайды.

Географиялық білім беруде бұл мәселелерді оқыту білім алушылардың қалалық кеңістіктегі үдерістерді түсінуіне, проблеманы шешу, талдау жасау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын оқытудың ерекшеліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдерді оқу үдерісінде қолдану сабақтың тиімділігін арттырады, білім алушылардың қызығушылығын оятады, пәнге деген белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, нақты өмірлік жағдайларды түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Edward Glaeser. *Triumph of the City // Spatial Research and Planning*. -2011. - №71(2), - P. 173-175. <https://doi.org/10.1007/s13147-013-0217-z>
2. Griffith D.A. *Urban Economics: Geography and Spatial Dependence Matter to the Sustainability of Cities // Frontiers in Sustainable Cities*. – 2021. - V. 3, P. 723561. <https://doi.org/10.3389/frsc.2021.723561>
3. Зубаревич Н.А. *Социальное развитие регионов России: Проблемы и тенденции переходного периода*. – Москва: Ленанд, - 2016. - 264 с.
4. Пчелинцев О.С. *Региональная экономика в системе устойчивого развития*. - Москва: Наука, - 2004. – 258 с.
5. Кангалакова Д.М., Сампаева З.Т., Ильяс А. *Социально-экономический профиль крупных городов Казахстана // Central Asian Economic Review*. – 2023. - V. 1, - №148. - С. 60-71. <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-1-60-71>
6. Альжанова Ф.Г., Нурланова Н.К., Днишев Ф.М. *Оценка уровня и приоритетные направления модернизации регионов Казахстана // Проблемы развития территории*. - 2020. - №(105). - С. 124-141. <https://doi.org/10.15838/ptd.2020.1.105.9>
7. Aliaskarov D.T., Kaimuldinova K.D., Laiskhanov S.U., Salimzhanov N.O. *Historical-geographical aspects of sustainable development of small towns (on the example of small towns in Zhambyl region) // Journal of Geography & Environmental Management*, - 2023. - №69(2), - P. 14-22. <https://doi.org/10.26577/JGEM.2023.v69.i2.02>
8. Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі даму бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары. - Алматы, - 2022. https://almatydc.kz/uploads/reports/38/file_kk/almaty-alasyny-2025-zhyl-a-dey-ng-damytu-ba-darlamasy.pdf?cache=1662998623 (қаралған күні: 25.03.2026).
9. Омирбаев С., Ахмед-Заки Д., Мухатаев А., Билоицкий А., Кассенов К., Файзуллин А. *Концептуальные основы обучения на протяжении всей жизни в Казахстане: моделирование процессов // Международный журнал новых технологий в обучении (iJET)*, - 2021. - №16(17), - С. 60-75.
10. Alves E.D. *Teaching geography 11-18: a conceptual approach // Finisterra*, - 2011. - №46(91). <https://doi.org/10.18055/Finis1333>

11. Boone H., Boone D. Analyzing Likert Data // *Journal of Extension*, - 2012. - №50. - p. 1-5. <https://doi.org/10.34068/joe.50.02.48>
12. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767> (қаралған күні: 29.03.2026).
13. Каратабанов Р., Саипов А., Балгабаева Б., Сапаров К. Қазақстан географиясы: 9 сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Алматы кітап, - 2024. – 320 б.
14. Усиков В.В., Егорова А.В., Забенова Г.Б. География Казахстана: учебник для 9 класса, 2 часть. - Алматы: Атамұра, - 2024. – 257 стр.
15. Геец Н.Ф. Кейс-стади как технологический метод обучения // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – №3. – С. 1-4.
16. Гаранина Р. Проектное обучение как движущая сила образовательного процесса // Норвежский журнал развития международной науки, 2021. - №76, - с.35-37. <https://cyberleninka.ru/article/n/project-based-learning-as-a-driving-force-of-the-educational-process>
17. Фадеева А.Н. SWOT-анализ как инструмент управления качеством // Озарёв-Online, - 2023. - №10. - С. 1-5. <https://cyberleninka.ru/article/n/swot-analiz-kak-instrument-upravleniya-kachestvom>

References:

1. Edward Glaeser. Triumph of the City // *Spatial Research and Planning*. -2011. - №71(2), - p. 173-175. <https://doi.org/10.1007/s13147-013-0217-z> [in English]
2. Griffith D.A. Urban Economics: Geography and Spatial Dependence Matter to the Sustainability of Cities // *Frontiers in Sustainable Cities*. – 2021. - V. 3, P. 723561. <https://doi.org/10.3389/frsc.2021.723561> [in English]
3. Zubarevich N.A. Socialnoe razvitie regionov Rossii: Problemi i tendencii perehodnogo perioda. – Moskva: Lenand, -2016. - 264 s [in Russian].
4. Pchelincev O.S. Regionalnaya ekonomika v sisteme ustoichivogo razvitiya. – Moskva: Nauka, - 2004. – 258 s [in Russian].
5. Kangalakova D.M., Satpaeva Z.T., Ilyas A. Socialno-ekonomicheskii profil krupnih gorodov Kazahstana // *Central Asian Economic Review*. – 2023. -V. 1,- №148. -S. 60-71. https://doi.org/10.52821/2789_4401_2023_1_60_71 [in Russian]
6. Aljanova F.G., Nurlanova N.K., Dnishev F.M. Ocenka urovnya i prioritietnie napravleniya modernizacii regionov Kazahstana // *Problemi razvitiya territorii*. - 2020. - №1 (105). -S. 124-141. <https://doi.org/10.15838/ptd.2020.1.105.9> [in Russian]
7. Aliaskarov D.T., Kaimuldinova K.D., Laiskhanov S.U., Salimzhanov N.O. Historical-geographical aspects of sustainable development of small towns (on the example of small towns in Zhambyl region) // *Journal of Geography & Environmental Management*, - 2023. -№69(2), - P. 14-22. <https://doi.org/10.26577/JGEM.2023.v69.i2.02> [in English]
8. Almaty qalasynyñ 2025 jylǵa deiingı damu baǵdarlamasy jáne 2030 jylǵa deiingı orta merzımdı perspektivalary. - Almaty, - 2022. https://almatydc.kz/uploads/reports/38/file_kk/almaty-alasyny-2025-zhyl-a-dey-ng-damytu-ba-darlamasy.pdf?cache=1662998623 (qaralǵan kúni: 25.03.2026) [in Kazakh]
9. Omirbaev S., Ahmed-Zaki D., Muhataev A., Biloschickii A., Kassenov K., Faizullin A. Konceptualnie osnovi obucheniya na protyajenii vsei jizni v Kazahstane: modelirovanie processov // *Mejdunarodnii jurnal novih tehnologij v obuchenii (iJET)*, - 2021. - №16 (17), -S. 60-75. (qaralǵan kúni 05.05.2026) [in Russian]
10. Alves E.D. Teaching geography 11-18: a conceptual approach // *Finisterra*, - 2011. - №46(91). <https://doi.org/10.18055/Finis1333> [in English]
11. Boone H., Boone D. Analyzing Likert Data // *Journal of Extension*, - 2012. - №50. - p. 1-5. <https://doi.org/10.34068/joe.50.02.48> [in English]

12. *Negizgi orta bilim beru deñgeiiniñ 7-9-synyptaryna arnalğan «Geografiya» päninen ülgilik oqu bağdarlamasy.* <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767> (qaralğan küni: 29.03.2026) [in Kazakh]
13. Karatabanov, R., Saipov, A., Balgabayeva, B., Saparov, K. *Kazakhstan geographyasi: Okulik. 9 sinip.* - Almaty: Almaty kitap, -2024. – 320 b [in Kazakh].
14. Usikov V.V., Egorina A.V., Zabenova G.B. *Geografiya Kazahstana: uchebnik dlia 9 klassa, 2 chast.* -Almaty: Atamura, - 2024. – 257 str. [in Russian].
15. Geec N.F. *Keis-stadi kak tehnologicheskii metod obucheniya* // *Nauchno-metodicheskii elektronii jurnal «Koncept».* – 2017. –№3.– S. 1-4 [in Russian].
16. Garanina R. *Proektnoe obuchenie kak dvijuschaya sila obrazovatel'nogo processa* // *Norvejskii jurnal razvitiya mejdunarodnoi nauki,* 2021.-№76, s. 35-37. https://cyberleninka.ru/article/n/project_based_learning_as_a_driving_force_of_the_educational_process (qaralğan küni: 01.06.2026) [in Russian]
17. Fadeeva A.N. *SWOT-analiz kak instrýment ýpravleniia kachestvom* // *Ogarëv-Online,* - 2023. - №10. - C. 1-5. <https://cyberleninka.ru/article/n/swot-analiz-kak-instrument-upravleniya-kachestvom>